

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Көкшетау қаласы бойынша Білім бөлімінің жанындағы
Көкшетау қаласының «Қуаныш» бөбекжайы» МКҚК
өзін өзі бағалау есебі 2021-2022 оқу жылы**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2-ақпандығы №124 бүйрығы негізінде жүргізілді. «Қуаныш» бөбекжайының жұмысы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Білім туралы» Заңына сәйкес ағымдағы 2021-2022 оқу жылына оқыту, тәрбиелеу жұмыстарына комиссия мүшелерінің тексеріп қорытынды бағалау жүргізді. «Қуаныш» бөбекжайының 2021-2022 оқу жылдарының жылдық жоспары құрылған. Көшірмесі қоса беріліп отыр. Жоспарланған оқыту, тәрбиелеу шаралары жүзеге асырылды. 2020-2025 даму бағдарламасы құрылып, жүзеге асырылып жатыр. Көшірмесі қоса беріліп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын оқыту нәтижелерінне келер болсақ тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктеріне жыл сайынғы біліктері мен дағдылардың диагностикасы мониторинг жүргізілді. Көшірмесі қоса беріліп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарымен жүргізілген тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторинг деректерінің сәйкестігін айқындау үшін №2 «Жұлдыздар», №8 «Құлышақ» және №9 «Қуырмаш» мектепалды даярлық топтары және №1 «Сұнқар», №3 «Бұлдіршін» ересек тобы жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Көшірмесі қоса беріліп отыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарын бағалау өлшем шарттары бойынша бағаланатын кезенде әзірленген және білім беру үйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болыптіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асырылды, соның ішінде: оқытуудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өзбетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастырылды; тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалды; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру үйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер

құрылды; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып сабактастық пен үздіксіздік жұмыстармен қамтамасыз етілді. №6 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімімен бірлесіп 14 қантарда 2022 жылы «Баланы мектепке дайындау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Және 17-ақпан күні жоспар бойынша мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері №6 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімдерінің сабактарына өзара қатысты. Ал 02-наурыз күні 2022 жылы кері байланыста болып бастауыш сынып мұғалімдері сабакқа қатысты. 2022 жылдың 26-сәуір күні №6 мектеп-лицейінің бастауыш сыныптар оқу менгерушісінің қатысуымен мектепалды даярлық топ ата-аналарына арналған қорытынды жиналыш өткізілді. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау жұмыстары үздіксіз кесте бойынша жүргізіліп отырды. Ұйымдастырылған оқу-қызметтерінің сабак кестелерінің көшірмесі қоса берілді. Креативтілікті, коммуникативтілікті, сынни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды, тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалды. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер құрылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабактастық пен үздіксіздік ұстанымдары қамтамасыз етілді. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникативтілікті, сынни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шенберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру, жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтармен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының / карталарының көшірмелері, қоса берілді.

"Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдары мен іске асыру бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса берілді. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің бастапқы мониторингін бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса берілді. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары орындалды. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес және сақталған. Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар бойынша мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, ата-аналарымен немесе занды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса берілді.

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша менгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бір бейнематериалы қоса беріледі.

Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі қорытынды нәтижелерінің болуы және талдау осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің қорытынды көшірмелері қоса берілді.

Менгеруші

Байкенова Сағила Баймырзақызы